

Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға 2012 жылға арналған республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 сәуірдегі № 516 Қаулысы.

РҚАО-ның ескертпесі!

2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі және "2012 – 2014 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" 2011 жылғы 24 қарашадағы заңдарына сәйкес асыл тұқымды өніммен (материалмен) қамтамасыз етуде отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға 2012 жылға арналған республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 24 сәуірдегі
№ 516 қаулысымен
бекітілген

Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға 2012 жылға арналған республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға 2012 жылға арналған республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) мал шаруашылығындағы асылдандыру ісі бойынша республикалық малды асылдандыру орталығының (бұдан әрі – республикалық малды асылдандыру

орталығы), қостанай жылқы тұқымды бойынша асыл тұқымды жылқы зауытының, етті құс шаруашылығы бойынша асылдандыру шаруашылығының, отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің (бұдан әрі – тауар өндірушілер) ағымдағы нысаналы трансфертерді (бұдан әрі – бюджеттік субсидиялар) асыл тұқымды жануарлардың үлес салмағын, етті ірі қара малдың тектік қорын қалпына келтіру және көбейту, сондай-ақ тауар өндірушілердегі ауыл шаруашылығы жануарлары сапасының өнімділігін арттыру мақсатында 2012 жылға арналған республикалық бюджетте 083 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға берілетін ағымдағы нысаналы трансфертер" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен және шегінде пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Бюджеттік субсидиялар:

1) тауар өндірушілер отандық асыл тұқымды мал зауыттарынан және (немесе) асыл тұқымды мал шаруашылықтарынан сатып алған отандық тұқымдардың асыл тұқымды төлінің құнын ішінәра (50 %-ға дейін) арзандатуға;

2) тауар өндірушілер сатып алған, оның ішінде лизинг шарты негізінде сатып алған асыл тұқымды ірі қара мал төлінің құнын ішінәра (50 %-ға дейін) арзандатуға;

3) тауар өндірушілер ағымдағы жылды және (немесе) өткен жылдың төртінші тоқсанында шетелден, оның ішінде лизинг шарты негізінде сатып алған асыл тұқымды және селекциялық ірі қара мал төлінің (бұдан әрі – шет елден әкелінген асыл тұқымды және селекциялық төл) құнын ішінәра (50 %-ға дейін) арзандатуға;

4) дара кәсіпкерлерге және/немесе заңды тұлғаларға жеке қосалқы шаруашылықтардағы аналық ірі қара мал басын шағылыштыруға пайдаланатын асыл тұқымды етті бағыттағы тұқымдық бұқаларды күтіп-бағуға (бұдан әрі - тұқымдық бұқаларды күтіп-бағу) жұмсалатын шығындардың құнын ішінәра (50 %-ға дейін) арзандатуға;

5) етті бағыттағы аналық ірі қара мал басының (сиырлар және құнажындар) сапалық құрамын жақсартумен айналысадын тауар өндірушілерге селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізумен (ұйымдастырумен) байланысты шығындарының құнын ішінәра (50 %-ға дейін) арзандатуға;

6) отандық құс фабрикалары отандық асыл тұқымды құс фабрикаларынан сатып алған асыл тұқымды тәуліктік балапандар мен асыл тұқымды жұмыртқаның (бұдан әрі – құс шаруашылығы өнімдері) құнын ішінәра (50 %-ға дейін) арзандатуға;

7) республикалық малды асылдандыру орталығы сатып алатын арнайы технологиялық, зертханалық жабдықтардың құнын толық өтеуге;

8) асыл тұқымды бұқаларды, шетелдік селекцияның ұрығын сатып алу, сондай-ақ асыл тұқымды бұқаларды күтіп-бағу, ұрығын алу, сактау, ұрпағының сапасы бойынша

бағалау (бұдан әрі – бағалау) үшін олардың ұрығын пайдалану және эмбриондар алу, сақтау, пайдалану бойынша республикалық малды асылдандыру орталығының шығындарын толық өтеуге;

9) етті құс шаруашылығы бойынша асылдандыру шаруашылығында асыл тұқымды құс сатып алу жөніндегі шығындарды толық өтеуге;

10) асыл тұқымды жылқыларды көбейту, күтіп-бағу және тренингі, қостанай жылқы тұқымы бойынша асыл тұқымды жылқы зауытында асыл тұқымды айғырлардың ұрығын алу және сақтау жөніндегі шығындарды толық өтеуге арналады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Үкіметінің 2012.09.19 № 1222 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3. Тауар өндірушілер субсидиялау бағдарламасына қатысу үшін осы Қафидаларға 1-қосымшаға сәйкес өлшемдерге сәйкес келуі тиіс.

4. Сатып алғынған асыл тұқымды және селекциялық төлдің, құс шаруашылығы өнімдерінің әрбір түріне, 1 бас тұқымдық бұқаны күтіп-бағуға, сондай-ақ селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізуге жұмсалатын бюджеттік субсидиялардың нормативі осы Қафидаларға 2-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 2012.09.19 № 1222 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

5. Тауар өндірушілерге етті бағыттағы құс шаруашылығы бойынша асылдандыру шаруашылығының балапандарды, сондай-ақ республикалық малды асылдандыру орталығының асыл тұқымды бұқалар ұрығын өткізу бағасы осы Қафидаларға 3-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

6. Субсидиялауға мыналар жатпайды:

1) тауар өндірушілер сатып алған аஸыл тұқымды және селекциялық төл, құс шаруашылығы өнімі, сондай-ақ осы Қафидаларға 1-қосымшада белгіленген өлшемдерге сәйкес келмейтін тауар өндірушілерде селекциялық және аஸыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу, тұқымдық бұқаларды күтіп-бағу жөніндегі шығындар;

2) тауар өндірушілер өзара есеп айырысу есебіне, сондай-ақ аффилиирленген тұлғалардан айырбас бойынша сатып алған аஸыл тұқымды және селекциялық төл, құс шаруашылығы өнімі;

3) индекстік жүйе бойынша бағаланбаған және таза тұқымдық өсіруге немесе туыстас топтарды шағылыстыруға арналмаған, шетелден (Ресей Федерациясын, Белорусь Республикасын және Украинаны қоспағанда) сатып алған ірі қара малдың аஸыл тұқымды төлі (қашар және құнажын); ұрпағының сапасы бойынша бағаланбаған және өнімін молайту мақсатында емес сатып алғынған бұқалар;

4) өнеркәсіптік шағылыстыруға арналған, шет елден әкелінген және отандық аஸыл тұқымды малдан алғынған аஸыл тұқымды және селекциялық қашарлар;

5) бұрын тауар өндірушілер және лизингтік ұйымдар (бұдан әрі – лизинг берушілер) арзандатқан және сатқан аஸыл тұқымды және селекциялық төл.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.09.19 № 1222 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

7. Осы Қағидалардың 2-тармағында көрсетілген мемлекеттік қолдау бағыттары бойынша өңірлерге бөлінген қаражат шегінде бюджеттік субсидия көлемі ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджетті іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығымен айқындалады.

8. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) жазбаша келісімі бойынша облыс әкімінің шешімімен мынадай нысандар бекітіледі:

1) шетелден әкелінген асыл тұқымды және селекциялық төлді, сондай-ақ лизинг шарты негізінде сатып алған асыл тұқымды және селекциялық ірі қара малдың төлін қоспағанда, асыл тұқымды өнімді (материалды) сатып алу-сату шарты;

2) сатып алған асыл тұқымды өнімге (материалға), тұқымдық бұқаларды күтіп-бағуға, сондай-ақ селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізуге субсидия алуға өтінім;

3) ауылдық округтегі тұқымдық бұқаға деген қажетлік бойынша өтінім;

4) асыл тұқымды өнім сатып алғаны, тұқымдық бұқалар саны, сондай-ақ селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу және аудан бойынша тиесілі субсидия сомасы туралы жиынтық акт;

5) асыл тұқымды өнім сатып алғаны, асыл тұқымды тұқымдық бұқалар саны туралы, сондай-ақ селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу және облыс бойынша тиесілі субсидия сомасы туралы жиынтық акт;

6) облыс бойынша бюджет қаражатын игеру жөніндегі есеп (ақпарат);

7) облыс бойынша асыл тұқымды өнімді (материалды) сатып алу, сондай-ақ селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу көлемі жөніндегі бір тоқсандағы есеп (ақпарат);

8) тұқымдық бұқаларды бекіту және пайдалану бойынша елді мекен тұрғындары – мал иелері жиналышының шешімі;

9) сатып алған асыл тұқымды және селекциялық төлін пайдалану бойынша міндеттеме.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.09.19 № 1222 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

9. Министрлік бюджеттік бағдарламаның әкімшісі ретінде төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарына және облыс әкімі мен Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі арасында қол қойылған ағымдағы нысаналы трансфертер бойынша нәтижелер туралы келісімге сәйкес асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға берілетін ағымдағы нысаналы трансфертерді облыстық бюджеттерге аударады.

Бөлінген қаражат толығымен игерілмеген жағдайда Министрлік заңнамада белгіленген тәртіппен бюджеттік бағдарламаны іске асыруға 2012 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде облыстар бойынша бюджеттік субсидияларды төлеуге арналған қаражатты қайта бөлу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізеді.

10. Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы (бұдан әрі – басқарма) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5-күніне дейінгі мерзімде, бірақ 2012 жылғы 30 желтоқсаннан кешіктірмей Министрлікке тәленген бюджеттік субсидиялардың көлемі, құны және тиімділігі туралы есеп береді.

11. Осы Қағидаларда көзделген тауар өндірушілердің міндеттемелері екі данада толтырылады және бір данадан тиісті бөлімде және Министрлік ведомствосының тиісті аумақтық бөлімшесінде тауар өндірушілер оны берген сәттен бастап кемінде бес жыл сақталуға жатады.

Тауар өндірушілердің ұсынылған міндеттемелерді сактамауы тиісті ауданның ауыл шаруашылығы бөлімінің (бұдан әрі – бөлім) тәленген субсидияларды заңнамада белгіленген тәртіппен өндіріп алуына негіз болып табылады.

2. Тауар өндірушілердің шығындарын ішінәр арзандатуды (құнын өтеуді) көздейтін субсидияларға арналған ағымдағы нысаналы трансфертерді пайдалану тәртібі

2.1. Тауар өндірушілердің субсидия алуға арналған өтінімдерін қарau тәртібі

12. Осы Қағидалар ресми жарияланғаннан кейін жеті жұмыс күні ішінде бөлім аудан әкімдігінің интернет-ресурсына субсидиялауға қатысу үшін өтінімдерді қабылдау басталғаны туралы хабарландыру орналастырады.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.09.19 № 1222 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

13. Тауар өндірушілер 2012 жылғы 1 қарашадан кешіктірілмейтін мерзімде, бөлімге отандық асыл тұқымды мал зауыттарынан және (немесе) асыл тұқымды шаруашылықтардан не асыл тұқымды ірі қара мал өсіретін тауар өндірушілерден асыл тұқымды төл, шет елден әкелінген асыл тұқымды және селекциялық төл, отандық асыл тұқымды құс фабрикаларынан құс шаруашылығы өнімдерін, сондай-ақ тұқымдық бұқаларды күтіп-багу және селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу бойынша шығындардың нақты және (немесе) жоспарланған көлеміне өтінімдер ұсынады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.09.19 № 1222 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

14. Бөлім өтінімдерді алған сәттен бастап жеті жұмыс күні ішінде тауар өндірушілердің осы Қағидаларда белгіленген өлшемдерге сәйкестігін тексереді.

Ұсынылған өтінімдердің осы Қағидаларда белгіленген өлшемдерге сәйкес келмеуі және (немесе) бюджеттік субсидиялардың бөлінбекен қалдығының болмауы өтінімдерді белгіленген мерзімнен кеш ұсыну субсидиялау бағдарламасына қатыстырудан бас тарту үшін негіздеме болып табылады. Осындай жағдайларда бөлім бас тарту себептерін көрсете отырып, өтінімдерді үш жұмыс күні ішінде тауар өндірушілерге кері қайтарады. Тауар өндірушілер өтінімді қайта енгізуге құқылы, бірақ белгіленген мерзімнен кешіктірмейді.

Аудан бойынша субсидиялау бағыттары бойынша бюджеттік субсидиялар алушылардың жиынтық тізімін тиісті аудан әкімі бекітеді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.09.19 № 1222 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

15. Бекітілген тізімді бөлім тауар өндірушілердің өтінімдерімен бірге облыс әкімінің шешімімен құрылған, облыс әкімінің ауыл шаруашылығы мәселелері бойынша орынбасары төрағалық ететін облыстық комиссияның (бұдан әрі – комиссия) қарауына жібереді.

Комиссияның құрамына басқарманың, Министрліктің АгроОнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының мамандары, сондай-ақ қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіреді.

16. Комиссия:

1) үш жұмыс күні ішінде бөлімдер ұсынған өтінімдерді осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігі түрғысынан қарайды;

2) өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша бюджеттік субсидиялар, субсидияланатын асыл тұқымды өнім сатып алуға, тұқымдық бұқаларды күтіп-бағуға, селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүзеге асыруға жылдық квоталар алуға тауар өндірушілердің жиынтық тізімін, сондай-ақ осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген нормативтер негізінде бюджеттік субсидиялар көлемін облыс әкіміне бекітуге ұсынады.

17. Тауар өндірушілер өтінім білдірген бюджеттік субсидиялардың талап етілетін көлемі бюджеттік субсидиялар көлемінен асып түскен жағдайда, комиссия тауар өндірушілердің етті бағыттағы ірі қара малдың асыл тұқымды және селекциялық төлін сатып алуға берген өтінімдерін басым тәртіппен қанағаттандырады, қаражат қалдығы берілген өтінімдерге сәйкес пропорционалды түрде бөлінеді.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.09.19 № 1222 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

18. Облыс әкімі комиссияның ұсынуы бойынша субсидиялау квоталарын көрсете отырып, субсидиялау бағдарламасына қатысушылардың тізімін бекітеді. Басқарма облыс әкімінің шешімін Министрлікке және тиісті бөлімдерге жолдайды.

2.2. Тауар өндірушілердің субсидия алу тәртібі

19. Тауар өндірушілер – субсидиялау бағдарламасына қатысушылар бюджеттік субсидиялар алу үшін мәмілелердің жасалуына қарай, бірақ 2012 жылғы 18 желтоқсаннан кешіктірмей бөлімге мынадай құжаттарды:

1) асыл тұқымды төлді, құс шаруашылығы өнімін сатып алу кезінде:

сатып алу-сату шартының көшірмесін;

Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы таныған асыл тұқымды мал қуәлігінің (сертификаттың) тұпнұсқасын және көшірмесін (бұл ретте, асыл тұқымды мал қуәлігінің (сертификаттың) тұпнұсқасы көшірмесімен салыстырып тексерілгеннен кейін бюджеттік субсидия алушыға қайтарылады);

төлем құжаттарының көшірмелерін - кіріс-кассалық ордерді немесе банктің төлем тапсырмасын (бұдан әрі - төлем құжаттары);

төлді, құс шаруашылығы өнімін кіріске алу актісін;

2) шет елден әкелінген асыл тұқымды төлді сатып алу кезінде:

сатып алу-сату шартының көшірмесін;

төлем құжаттарының көшірмелерін;

Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы таныған аஸыл тұқымды мал қуәлігінің (сертификаттың) тұпнұсқасын және көшірмесін (бұл ретте, аஸыл тұқымды мал қуәлігінің (сертификаттың) тұпнұсқасы көшірмесімен салыстырып тексерілгеннен кейін бюджеттік субсидия алушыға қайтарылады);

ветеринариялық сертификаттың көшірмесін;

шет елден әкелінген асыл тұқымды төлді кіріске алу актісін;

2-1) шет елден әкелінген селекциялық төлді сатып алу кезінде:

сатып алу-сату шартының көшірмесін;

төлем құжаттарының көшірмелерін;

әкесінің желісі бойынша малдың таза тұқымдылығын және шығу тегін растайтын асыл тұқымдық қуәлігінің немесе оған балама құжаттың тұпнұсқасын және көшірмесін (бұл ретте, құжаттың тұпнұсқасы көшірмесімен салыстырып тексерілгеннен кейін бюджеттік субсидия алушыға қайтарылады);

ветеринариялық сертификаттың көшірмесін;

шет елден әкелінген селекциялық төлді кіріске алу актісін;

3) асыл тұқымды ірі қара мал төлін лизинг шарты негізінде сатып алу кезінде:

лизинг шартының көшірмесін;

лизинг шарты бойынша негізгі борышты өтеу үшін лизинг берушінің деректемелерін көрсете отырып, субсидия төлеуге өтінімді;

4) шет елден әкелінген аஸыл тұқымды төлді лизинг шарты негізінде сатып алу кезінде:

лизинг шартының көшірмесін;

лизинг шарты бойынша негізгі борышты өтеу үшін лизинг берушінің деректемелерін көрсете отырып, субсидия төлеуге өтінімді;

Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы таныған асыл тұқымды мал қуәлігінің (сертификаттың) түпнұсқасын және көшірмесін (бұл ретте асыл тұқымды мал қуәлігінің (сертификаттың) түпнұсқасы көшірмесімен салыстырып тексерілгенен кейін бюджеттік субсидия алушыға қайтарылады);

ветеринариялық сертификаттың көшірмесін;

4-1) шет елден әкелінген асыл тұқымды төлді лизинг шарты негізінде сатып алу кезінде:

лизинг шартының көшірмесін;

лизинг шарты бойынша негізгі борышты өтеу үшін лизинг берушінің деректемелерін көрсете отырып, субсидия төлеуге өтінімді;

әкесінің желісі бойынша малдың таза тұқымдылығын және шығу тегін растайтын, экспорттаушы елдің құзыретті органдары берген асыл тұқымдық қуәліктің немесе оған балама құжаттың түпнұсқасын және көшірмесін (бұл ретте құжаттың түпнұсқасы көшірмесімен салыстырып тексерілгенен кейін бюджеттік субсидия алушыға қайтарылады);

ветеринариялық сертификаттың көшірмесін;

5) жеке қосалқы шаруашылықтардағы аналық ірі қара мал басын шағылыстыруға пайдаланатын аஸыл тұқымды етті бағыттағы тұқымдық бұқаларды күтіп-бағу құнын арзандату кезінде:

шағылысу маусымы аяқталғаннан кейін шаруашылық жүргізу什і субъектіде селекциялық және аஸыл тұқымдық жұмыстардың жүргізілгендей туралы бірыңғай ақпараттық талдау жүйесінің деректер базасынан үзіндіні;

тұқымдық бұқаларды бекіту және пайдалану бойынша елді мекенинің тұрғындары – мал иелері жиналысының көшірмесін;

тұқымдық бұқалардың аஸыл тұқымды қуәлігінің және ветеринариялық сертификатының көшірмесін;

6) селекциялық және аஸыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу шығындарын өтеуге:

шағылысу маусымы аяқталғаннан кейін шаруашылық жүргізу什і субъектіде селекциялық және аஸыл тұқымдық жұмыстардың жүргізілгендей туралы бірыңғай ақпараттық талдау жүйесінің деректер базасынан үзіндіні;

24-аш статистикалық есептілік нысанынан (занды тұлғалар нысанындағы ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер үшін), шаруашылық кітабынан (дара кәсіпкерлер үшін) үзіндімен расталған ірі қара мал басының бар екендігі туралы анықтаманы береді.

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.09.19 № 1222 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

20. Аஸыл тұқымды өнім (шет елден әкелінген ірі қара малдың аஸыл тұқымды және селекциялық төлін қоспағанда) құнының кемінде 50%-ын төлеген тауар өндірушілерді

бюджеттік субсидиялар алушылардың тізіміне енгізуге жол беріледі. Бұл ретте, тауар өндірушілер бөлімге:

- сатып алу-сату шартының көшірмесін;
- кемінде 50 % төленгенін растайтын төлем құжаттарының көшірмелерін;
- сатып алған малдардың асыл тұқымды малдардың мемлекеттік тізілімде тіркелгенін растайтын құжатты ұсынады (селекциялық малдан басқа).

Қалған сомаға төлем құжаттарының көшірмелерін, сондай-ақ оларды жеткізіп беру немесе пайдалану актілерін тауар өндірушілер құнын толық төлегенмен кейін, бірақ бюджеттік субсидиялар алған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірмей бөлімге ұсынады.

Ескерту. 20-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.09.19 № 1222 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

21. Бөлім құжаттардың тұсуіне қарай бес жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттарды тексереді. Ұсынылған құжаттар осы Қағидалардың 19 және 20-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес болған және осы Қағидалардың 6-тармағында көзделген өтінімнен бас тартуға негіз болмаған жағдайда бөлім асыл тұқымды және селекциялық төлдің, құс шаруашылығы өнімдерінің сатып алғынганы туралы, селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүзеге асыру, сондай-ақ тұқымдық бұқаларды күтіп-бағу туралы жиынтық акт жасайды, бекітеді және төлем құжаттарының көшірмелерін қоса бере отырып, басқармаға ұсынады. Бұл ретте, бөлім басқармаға ұсынылатын растау құжаттарының дұрыстығын және сапасын қамтамасыз етеді.

Ұсынылған құжаттар осы Қағидалардың 19 және 20-тармақтарына сәйкес келмеген және осы Қағидалардың 6-тармағымен бюджеттік субсидиялар ұсыну мүмкін болмаған жағдайда, бөлім ұсынылған құжаттарды оларды тіркеген күнінен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірмей кері қайтару себептерін көрсете отырып, тауар өндірушілерге қайтарады.

Ірі қара малдың сатып алғынған асыл тұқымды және селекциялық төлінің арзандатылғаны туралы мәліметті бөлім бюджеттік субсидиялардың тауар өндірушінің (не лизинг берушінің) банктік шотына аударылғаны туралы ақпаратты басқармадан алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде бірыңғай ақпараттық-талдау жүйесіне енгізуі тиіс.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.09.19 № 1222 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

22. Басқарма ұсынылған құжаттарды бес жұмыс күні ішінде, бірақ 2012 жылғы 20 желтоқсаннан кешіктірмей қарайды.

Оларда көрсетілген бюджеттік субсидиялардың көлемі мен нормативтері негізінде басқарма белгіленген квоталар шегінде тиесілі бюджет ақшасының көлемін айқындаиды, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жиынтық ведомост және ақы төлеу шоттарын қалыптастырады.

Тауар өндірушілердің, лизинг берушілердің банктік шоттарына тиесілі бюджеттік субсидияларды аударуды басқарма төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес аумақтық қазынашылық бөлімшесіне екі данада ақы төлеу шоттарын қоса бере отырып, ақы төлеу шоттарының тізлімін ұсыну жолымен жүзеге асырады.

Басқарма екі жұмыс күні ішінде бөлімге аудан бойынша тауар өндірушілерге төленген бюджет ақшасының көлемі туралы ақпарат жібереді.

Ұсынылған құжаттар осы Қағидалардың 16 және 17-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес болмаған және/немесе осы Қағидалардың 6-тармағы негізінде субсидиялау мүмкіндігі болмаған жағдайда, басқарма ұсынылған құжаттарды оларды тіркеген күнінен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей кері қайтару себептерін көрсете отырып бөлімге пысықтауға қайтарады.

Респубикалық малды асылдандыру орталығының, етті құс шаруашылығы бойынша асылдандыру шаруашылығының, қостанай жылқы тұқымы бойынша асыл тұқымды жылқы зауытының шығындарын толық өтеуді көздейтін субсидияларға арналған ағымдағы нысаналы трансфертерді пайдалану тәртібі

23. Шығындарды толық өтеу үшін 2012 жылғы 20 желтоқсаннан кешіктірмей басқармаға:

1) респубикалық малды асылдандыру орталығы:

Министрлікпен келісілген тізбе бойынша тұқымдық бұқаларды, шетелдік селекцияның ұрығын, жабдықты, техниканы сатып алуға арналған шарттарды бір-бір данадан;

асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды күтіп-бағуға, олардың ұрықтарын алуға, сақтауға және бағалауға, сондай-ақ эмбриондарды алуға, сақтауға және пайдалануға жұмсалған шығындарды (жүзеге асырылуына қарай) растьайтын құжаттардың бір данасын ұсынады;

2) етті құс шаруашылығы бойынша асылдандыру шаруашылығы балапандарды сатып алуға арналған шарттардың бір данасын ұсынады;

3) қостанай жылқы тұқымы бойынша асыл тұқымды жылқы зауыты асыл тұқымды жылқыларды өсіруге, ұстауға, тренингке және айғырлардың ұрығын сақтауға арналған шығындарды (жүзеге асырылуына қарай) растьайтын құжаттардың бір данасын ұсынады.

Басқарма ұсынылған шарттарды үш жұмыс күні ішінде тексереді, осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жиынтық ведомост, сондай-ақ ақы төлеу шоттарын қалыптастырады және төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес бюджеттік субсидияларды респубикалық малды асылдандыру орталығының, етті құс шаруашылығы бойынша асылдандыру шаруашылығының, қостанай жылқы тұқымы бойынша асыл тұқымды жылқы зауытының банктік шотына аударады.

Респубикалық малды асылдандыру орталығы асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды, ұрықты және жабдықты сатып алғаннан кейін, сондай-ақ етті құс шаруашылығы бойынша асылдандыру шаруашылығы балапандарды сатып алғаннан кейін жеті жұмыс күні ішінде Басқармаға төлем құжаттары мен кіріске алу актісінің көшірмелерін ұсынады.

24. Басқарма осы Қағидалардың 20-тармағына сәйкес бюджеттік субсидияларды төлеу үшін аумақтық қазынашылық бөлімшесіне екі данада ақы төлеу шотын қоса бере отырып, ақы төлеу тізілімін ұсынады.

Облыстық бюджеттерге, Астана және
Алматы
қалаларының бюджеттеріне асыл
тұқымды
мал шаруашылығын қолдауға 2012
жылға
арналған респубикалық бюджеттен
берілетін ағымдағы нысаналы
трансферттерді
пайдалану қағидаларына
1-қосымша

Мал шаруашылығы және құс шаруашылығы саласындағы тауар өндірушілерге қойылатын өлшемдер

Ескерту. 1-қосымшага өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.09.19 № 1222 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

p/c №	Субсидиялау бағыттары	Өлшемдер
1	2	3
1.	Тауар өндірушілер отандық асыл тұқымды мал зауыттарынан және (немесе) асыл тұқымды мал шаруашылықтарынан сатып алған отандық тұқымдардың асыл тұқымды төлінің құнын ішінара арзандату	<p>Мыналар туралы міндеттемелер ұсыну:</p> <p>1) сатып алынған асыл тұқымды аналық мал басын өз төлінен өсіру мақсатында кемінде екі жыл (тұқымдықтарды кемінде екі рет шағылыстыру маусымынан кем емес) пайдалану туралы;</p> <p>2) зоотехникалық нормаларға сәйкес күтіп-бағу және ветеринариялық іс-шараларды жүзеге асыру туралы.</p>
		<p>1. Бірыңғай ақпараттық талдау жүйесінің базасынан алынған үзіндімен расталған селекциялық және асылдандыру жұмысының бірыңғай ақпараттық базасында тіркеуде болуы.</p> <p>2. Малдардың бірдейлендіру нөмірінің және ауыл</p>

Тауар өндірушілер сатып алған асыл тұқымды ірі қара мал төлінің күнын ішінara арзандату

шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі бірыңғай деректер базасында тіркеуде болуы.

3. Сатып алынатын асыл тұқымды төлдің жасы шарт жасасу кезінде мыналардан аспауы тиіс:

қашарлар – 18 айға дейін;
күнажындар және тұқымдық бұқалар – 26 айға дейін.

4. Отандық селекцияның асыл тұқымды қашарларын (күнажындарын) сатып алу кезінде мынадай міндеттемелер ұсыну Қосымша мыналар талап етіледі:

- 1) таза тұқымды көбейту жолымен қашарларды (күнажындарды) өз төлінен өсіру мақсатында кемінде екі жыл пайдалану туралы;
- 2) сұтті ірі қара мал шаруашылығында ірі қара малдың шағылыстыру контингентін бағаланған тұқымдық бұқалардың ұрығымен 100 % жасанды ұрықтандыруды қолдану бойынша ;
- 3) етті ірі қара мал шаруашылығында ірі қара малдың шағылыстыру контингентін бағаланған тұқымдық бұқалардың ұрығымен жасанды ұрықтандыруды пайдалану және/ немесе өз өнімділігі бойынша бағаланған асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды пайдалану қолдан ұрықтандыру бойынша;
- 4) тиісті тұқымдар бойынша республикалық палаталар ұсынған занды және жеке тұлғалардың ғылыми және/немесе консалтингтік сүйемелдеуі туралы ;
- 5) зоотехникалық нормаларға сәйкес құтіп-бағу және ветеринариялық іс-шараларды жүзеге асуру туралы.

Шет елдік селекцияның асыл тұқымды қашарларын (күнажындарын) сатып алу кезінде *:

1) таза тұқымды көбейту жолымен қашарларды (күнажынды) өз

төлінен өсіру мақсатында кемінде екі жыл пайдалану туралы;

2) сұтті ірі қара мал шаруашылығында шағылыстыру контингентін бағаланған тұқымдық бұқалардың ұрығымен 100 % жасанды ұрықтандыруды колдану бойынша;

3) етті ірі қара мал шаруашылығында ірі қара малдың шағылыстыру контингентін бағаланған тұқымдық бұқалардың ұрығымен жасанды ұрықтандыруды пайдалану және/немесе қолдан ұрықтандыруда өз өнімділігі бойынша бағаланған асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды пайдалану бойынша;

4) тиісті тұқымдар бойынша республикалық палаталар ұсынған заңды және жеке тұлғалардың ғылыми және/немесе консалтингтік сүйемелдеуі туралы ;

5) зоотехникалық нормаларға сәйкес құтіп-багу және ветеринариялық іс-шараларды жүзеге асыру туралы.

Жеке қосалқы шаруашылықтардағы мал басынан құралған, жалпы табынға пайдалану үшін және/немесе тауарлы табынның тұқымдық құрамын өзгерту үшін асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды сатып алу кезінде:

1. Мынадай міндеттемелер ұсыну:

1) жеке қосалқы шаруашылықтардағы мал басынан құралған тауарлы және/немесе жалпы табында асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды өз төлінен өсіру мақсатында кемінде екі жыл шағылыстыру маусымында пайдалану туралы;

2) зоотехникалық нормаларға сәйкес құтіп-багу және ветеринариялық іс-шараларды жүзеге асыру туралы;

2. Жеке қосалқы шаруашылықтардағы мал басынан құралған жалпы табында – осы бекітілген аஸыл тұқымдық бұқаларды бекіту және пайдалану

		<p>бойынша елді мекен тұрғындарының тиісті ауылдық округ әкімі растаған жиналыш шешімінің болуы.</p>
		<p>1. Бірыңғай ақпараттық талдау жүйесінің базасынан алынған үзіндімен расталған селекциялық және асылданыру жұмысының бірыңғай ақпараттық базасында тіркеуде болуы.**</p> <p>2. Малдардың бірдейлендіру нөмірінің және ауыл шаруашылығы жаңуарларын бірдейлендіру жөніндегі бірыңғай деректер базасында тіркеуде болуы.**</p>
		<p>3. Өзінің өнімділігі бойынша бағаланған асыл тұқымды тұқымдық бұқалардың ДНК – паспортының болуы.</p> <p>4. Сатып алатын асыл тұқымды төлдің жасы шарт жасасу кезінде мыналардан аспауы тиіс:</p> <p>кашарлар – 18 айға дейін; құнажындар және тұқымдық бұқалар – 26 айға дейін.</p>
3.	Tauar өндірушілер сатып алған шет елден әкелінген асыл тұқымды ірі қара мал төлінің құнын ішінara арзандату	<p>5. Мынадай міндеттемелер ұсыну:</p> <p>1) таза тұқымды қебейту жолымен қашарларды (құнажынды) және өзінің өнімділігі бойынша бағаланған аஸыл тұқымды тұқымдық бұқаларды өз төлінен өсіру мақсатында кемінде екі жыл таза тұқымды өсіру жолымен пайдалану туралы;</p> <p>2) асыл тұқымды ірі қара малды және одан алынған төлді табынды өз төлінен өсіру үшін тек Қазақстан Республикасы аумағында үш жыл ішінде пайдалану туралы;</p> <p>3) етті ірі қара мал шаруашылығында ірі қара малдың шағылыстыру контингентін бағаланған тұқымдық бұқалардың ұрықтымен жасанды ұрықтандыруды пайдалану және/ немесе қолдан ұрықтандыруда өз өнімділігі бойынша бағаланған аஸыл тұқымды тұқымдық бұқаларды пайдалану бойынша;</p>

		<p>4) тиісті тұқымдар бойынша респубикалық палаталар ұсынған занды және жеке тұлғалардың ғылыми және/немесе консалтингтік сүйемелдеуі туралы ;</p> <p>5) зоотехникалық нормаларға сәйкес күтіп-багу және ветеринариялық іс-шараларды жүзеге асыру туралы.</p>
4.	Дара кәсіпкерлерге және/немесе занды тұлғаларға жеке қосалқы шаруашылықтардағы аналық ірі қара мал басын шағылыстыруға пайдаланатын асыл тұқымды етті бағыттағы тұқымдық бұқаларды күтіп-багуға жұмсалатын шығындардың құнын ішінara арзандату	<p>1. Тұқымдық бұқаның бірынғай ақпараттық талдау жүйесінің базасынан алғынған үзіндімен расталған селекциялық және асылдандыру жұмысының бірынғай ақпараттық базасында тіркеуде болуы.</p> <p>2. Малдардың бірдейлендіру нөмірінің және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі бірынғай деректер базасында тіркеуде болуы.</p> <p>3. Асыл тұқымды тұқымдық бұқалардың асыл тұқымды күәлігінің және ветеринариялық сертификатының болуы.</p> <p>4. Жеке қосалқы шаруашылықтардағы мал басынан құралған және зоотехникалық нормативтерге сәйкес қолмен және/немесе еркін шағылыстыруға пайдаланылатын жалпы табындағы асыл тұқымды тұқымдық бұқалардың болуы, оларды пайдалану, бекіту және алмастыру.</p> <p>5. Жеке қосалқы шаруашылықтардағы мал басынан құралған жалпы табында – осы бескітілген аஸыл тұқымдық бұқаларды бекіту және пайдалану бойынша елді мекен тұрғындарының тиісті ауылдық округ әкімі растаған жиналыш шешімінің болуы.</p>
		<p>1. Бірынғай ақпараттық талдау жүйесінің базасынан алғынған үзіндімен расталған селекциялық және асылдандыру жұмысының бірынғай ақпараттық базасында тіркеуде болуы.***</p>

5.

Етті бағыттағы аналық ірі қара мал басының сапалық құрамын жақсартумен айналысатын тауар ендірушілерге селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізумен байланысты шығындарының құнын ішінara арзандату

2. Малдардың бірдейлендіру нөмірінің және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі бірыңғай деректер базасында тіркеуде болуы.

3. Зоотехникалық нормаларға сәйкес құтіп-багу және ветеринариялық іс-шараларды жүзеге асыру.

Қосымша

Тұқымдық құрамын өзгертуге қатысатын тауарлы табын үшін:

1) Асыл тұқымдық қуәлігі бар және зоотехникалық нормативтерге сәйкес қолдан және /немесе еркін шағылыстыруға пайдаланатын асыл тұқымды тұқымдық бұқалардың болуы, оларды пайдалану, бекіту және алмастыру.

Отандық селекциялық асыл тұқымды мал басы үшін:

1) тиісті тұқымдар бойынша республикалық палаталар ұсынған занды және жеке тұлғалардың ғылыми және/немесе консалтингтік сүйемелдеуі туралы ;

2) асыл тұқымды аналық табындарда ұрпағының сапасы бойынша бағаланған тұқымдық бұқалардың ұрығымен жасанды ұрықтандыруды және/немесе қолдан шағылыстыруды асыл тұқымдық қуәлігі бар асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды пайдалану. Еркін шағылыстыруға жол берілмейді.

Шетелдік селекцияның асыл тұқымды мал басы үшін*:

1) тиісті тұқымдар бойынша республикалық палаталар ұсынған занды және жеке тұлғалардың ғылыми және/немесе консалтингтік сүйемелдеуі туралы ;

2) шет елдік селекцияның асыл тұқымды аналық табындарында бағаланған тұқымдық бұқалар ұрығымен жасанды ұрықтандыруды және/немесе қолдан шағылыстыруды өз

		өнімділігі бойынша бағаланған асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды пайдалану.
6.	Отандық құс фабрикалары отандық асыл тұқымды құс фабрикаларынан сатып алған асыл тұқымды тәуліктік балапандар мен асыл тұқымды жұмыртқаның құнын ішінара арзандату	<p>1) Торда және еденде ұстасу үшін технологиялық жабдықтардың болуы;</p> <p>2) Ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру.</p>
7.	Тауар өндірушілер сатып алған шетелден сатып алған селекциялық ірі қара мал төлінің құнын ішінара арзандату	<p>1. Бірыңғай акпараттық талдау жүйесінің базасынан алынған үзіндімен расталған селекциялық және асылданыру жұмысының бірыңғай акпараттық базасында тіркеуде болуы.**</p> <p>2. Малдардың бірдейлендіру номірінің және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі бірыңғай деректер базасында тіркеуде болуы.**</p> <p>3. Сатып алынатын селекциялық төлдің жасы шарт жасасу кезінде мыналардан аспауы тиіс:</p> <p>кашарлар – 18 айға дейін; құнажындар – 26 айға дейін.</p> <p>4. Мынадай міндеттемелер ұсыну:</p> <p>1) селекциялық қашарларды (құнажынды) өз төлінен өсіру мақсатында кемінде екі жыл таза тұқымды өсіру жолымен пайдалану туралы;</p> <p>2) селекциялық ірі қара малды және одан алынған төлді табынды өз төлінен өсіру үшін тек Қазақстан Республикасы аумағында үш жыл ішінде пайдалану туралы;</p> <p>3) етті ірі қара мал шаруашылығында өз өнімділігі бойынша бағаланған асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды пайдалану бойынша;</p> <p>4) ірі қара малдың тиісті тұқымдары бойынша республикалық палаталар ұсынған занды және жеке тұлғалардың ғылыми және/немесе консалтингтік сүйемелдеуі туралы ;</p> <p>5) зоотехникалық нормаларға сәйкес күтіп-бағу және</p>

Ескертпе:

* Шетелдік селекцияның асыл тұқымды мал басы деп шет елден әкелінген асыл тұқымды және одан алғынған асыл тұқымды төлдің үшінші үрпағына дейін түсініледі.

** Асыл тұқымды және селекциялық төлді жоспарланған сатып алу (әкелу) бойынша тиісті тіркеу мерзімі тиісті тауар өндірушінің міндеттемесінде көрсетіледі.

*** Аталған субсидиялау бағыттары бойынша ұсынылған талаптар барлық санаттар үшін бірыңғай.

Облыстық бюджеттерге, Астана және

Алматы

қалаларының бюджеттеріне асыл

тұқымды

мал шаруашылығын қолдауға 2012

жылға

арналған республикалық бюджеттен

берілетін ағымдағы нысаналы

трансфертерді

пайдалану қагидаларына

2-қосымша

Бюджеттік субсидиялар нормативтері

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.09.19 № 1222 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1. Тауар өндірушілер отандық асыл тұқымды мал зауыттарынан және (немесе) асыл тұқымды мал шаруашылықтарынан сатып алған отандық тұқымдардың асыл тұқымды төлінің құнын ішінәра арзандату бойынша бюджеттік субсидиялар нормативтері

P/c №	Малдың түрлері мен тұқымдары	1 килограмм тірі салмағына арналған бюджеттік субсидиялар нормативтері, теңге
1	2	3
Кой		
1.	Қазактың биязы жұнді қойы	
2.	Қазактың арқар мериносы	
3.	Оңтүстік қазақ мериносы	
4.	Солтүстік қазақ мериносы	
5.	Австралия мериносы	
6.	Цигай қойы	
7.	Қазактың биязылау кроссбредті жұнді қойы	Сатып алу құнының 50% артық емес, бірақ 1 килограммнан тірі салмағына 161 теңгеден аспайды
8.	Дегерес етті-жұнді қойы	

9.	Еділбай қойы	
10.	Қазақтың ұяң жүнді және қылшық жүнді құйрықты қойы	
11.	Сарыарқа құйрықты қойы	
12.	Гиссар қойы	
13.	Қаракөл қойы	
	Жылқы	
1.	Қазақтың жабы жылқысы	Сатып алу құнының 50% артық емес, бірақ 1 килограммнан тірі салмағына 118 теңгеден аспайды
2.	Көшім жылқысы	
3.	Мұғалжар жылқысы	
4.	Қазақтың адай жылқысы	
Шошқа		
1.	Ipi ақ шошқа	Сатып алу құнының 50% артық емес, бірақ 1 килограммнан тірі салмағына 139 теңгеден аспайды
2.	Немістің асыл текті шошқасы	
3.	Дюрок	
	Түйе	
1.	Қазақтың айыр өркешті түйесі	Сатып алу құнының 50% артық емес, бірақ 1 килограммнан тірі салмағына 86 теңгеден аспайды
2.	Аруана	

2. Тауар өндірушілер сатып алған асыл тұқымды ірі қара мал төлінің құнын ішпінара арзандату бойынша бюджеттік субсидиялар нормативтері

p/c №	Малдың типтері мен тұқымдары	1 басқа арналған бюджеттік субсидиялар нормативтері, теңге
1.	Iri қара мал	Сатып алу құнының 50% артық емес, бірақ 1 басқа 107 000 теңгеден аспайды
2.	Қара-ала (голштин) сиыр	
3.	Қызыл (қырдың қызыл) сиыр	
4.	Қоңыр (алатау) сиыр	
5.	Қызғылт сары шұбар (симментал) сиыр	
6.	Әулиеата сиыры	
7.	Айршир сиыры	
8.	Қазақтың ақбас сиыры	
9.	Әулиекөл сиыры	
10.	Санта-гертрудада сиыры	
11.	Шароле сиыры	
12.	Герефорд сиыры	
13.	Ангус сиыры	
14.	Галловей сиыры	
15.	Швиц сиыры	
	Қалмақ сиыры	

3. Тауар өндірушілер сатып алған шетелден әкелінген асыл тұқымды төлдің құнын ішінара арзандату бойынша бюджеттік субсидиялар нормативтері

p/c №	Тұқымы	Экспорттаушы елдер	1 басқа арналған бюджеттік субсидиялар нормативтері, теңге
1.	Етті, сұтті және аралас тұқымдар	Еуропа елдері	Сатып алу құнының 50% артық емес, бірақ 1 басқа 140 000 теңгеден аспайды
2.	Етті, сұтті және аралас тұқымдар	Австралия, Солтүстік және Оңтүстік Америка елдері	Сатып алу құнының 50% артық емес, бірақ 1 басқа 214 000 теңгеден аспайды
3.	Сұтті тұқымдар	Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы және Украина	Сатып алу құнының 50% артық емес, бірақ 1 басқа 107 000 теңгеден аспайды

3-1. Тауар өндірушілер сатып алған шет елден әкелінген ірі қара малдың селекциялық төлінің құнын ішінара арзандату бойынша бюджеттік субсидиялар нормативтері

p/c №	Тұқымы	Экспорттаушы елдер	1 басқа арналған бюджеттік субсидиялар нормативтері, теңге
1.	Етті тұқымдар	Австралия	Сатып алу құнының 50% артық емес, бірақ 1 басқа 170 000 теңгеден аспайды

4. Дара кәсіпкерлерге және/немесе занұды тұлғаларға жеке қосалқы шаруашылықтардағы аналық ірі қара мал басын шағылыстыруға пайдаланатын асыл тұқымды етті бағыттағы тұқымдық бұқаларды күтіп-бағуға жұмсалатын шығындардың құнын ішінара арзандату бойынша бюджеттік субсидиялар нормативтері

p/c №	Өнімнің атаяуы	1 басқа арналған бюджеттік субсидия нормативтері, теңге
1.	Етті бағыттағы тұқымдық бұқалар	47 000

5. Етті бағыттағы аналық ірі қара мал басының сапалық құрамын жақсартумен айналысатын тауар өндірушілерге селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізумен байланысты шығындарының құнын арзандату бойынша бюджеттік субсидиялар нормативтері

p/c №	Өнімнің атаяуы	1 басқа арналған бюджеттік субсидия нормативтері, теңге
1.	Сиырлар және күнажындар	12 000

6. Отандық құс фабрикалары отандық асыл тұқымды құс фабрикаларынан сатып алған асыл тұқымды тәуліктік балапандар мен асыл тұқымды жұмыртқаның құнын ішінәра арзандату бойынша бюджеттік субсидиялар нормативтері

Р/с №	Асыл тұқымды өнімнің түрі	Тәуліктік балапан және асыл тұқымды жұмыртқа сатып алуға арналған бюджеттік субсидиялар нормативі, теңге	
		ата-текстік табыннан*	ата-енелік табыннан **
1.	Тәуліктік балапан (етті)	Сатып алу құнының 50% артық емес, бірақ 1 басқа 275 теңгеден аспайды	
2.	Тәуліктік балапан (жұмыртқа)		Сатып алынған құнының 50% артық емес, бірақ 1 басқа 45 теңгеден аспайды
3.	Тауық жұмырткасы (жұмыртқа)	-	Сатып алу құнының 50% артық емес, бірақ 1 жұмыртқаға 19 теңгеден аспайды

* Етті құс шаруашылығында ата-енелік табынды қалыптастыру үшін.

** Жұмыртқа бағытындағы құс шаруашылығында өнеркәсіптік табынды қалыптастыру үшін.

- Асылдандыру шаруашылығы мәртебесін алған асыл тұқымды құс фабрикалары өткізген асыл тұқымды өнім (тәуліктік балапандар, асыл тұқымды жұмыртқа) субсидиялауға жатады.

Облыстық бюджеттерге, Астана және
Алматы
қалаларының бюджеттеріне асыл
тұқымды
мал шаруашылығын қолдауға 2012
жылға
арналған респубикалық бюджеттен
берілетін ағымдағы нысаналы
трансфертерді
пайдалану қафидаларына
3-қосымша

Асыл тұқымды өнімді (материалды) өткізудің шекті ең жоғары бағасы, теңге

Асыл тұқымды өнімнің (материалдың) атауы	Бірлігі үшін	Шектелген бағалар, теңге
Респубикалық малды асылдандыру орталығының		

тұқымдық бұқалар (ұрпағының сапасы бойынша бағаланған) ұрығын өткізуі:		
1) екі жынысты ұрық	1 доза	1000-ге дейін
2) бір жынысты ұрық		2000-ге дейін
Етті құс шаруашылығы бойынша асылдандыру шаруашылығының етті кроссты асыл тұқымды тәуліктік балапандарды өткізуі	1 бас	550-ге дейін

Облыстық бюджеттерге, Астана және

Алматы

қалаларының бюджеттеріне асыл

тұқымды

мал шаруашылығын қолдауға 2012

жылға

арналған республикалық бюджеттен

берілетін ағымдағы нысаналы

трансфертерді

пайдалану қағидаларына

4-қосымша

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.09.19 № 1222 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Бекітемін"

облысы

Ауыл шаруашылығы басқармасының

бастығы _____ (аты-жөні, қолы, мөрі)

2012 жылғы "—" _____

облысы бойынша 2012 жылдың ____ ____ үшін асыл тұқымды өнімді (асыл тұқымды материалды)

(асыл тұқымды және селекциялық төл, асыл тұқымды жұмыртқа, балапандар - қажеттісі қалдырылсын) сатып алу және субсидиялар төлеу туралы

біріктірілген жиынтық ведомост *

Атауы	Жылдық квота	Асыл тұқымды өнімнің асылдандыру мақсатына нақты сатып алғынғаны (бас, кг т/с, дана)				

				есепті				
аудан	асыл тұқымд ы өнімді немесе асыл тұқымд ы материя лды сатып алушы	(бас, кг, дана)	тенге	Бір бірлік (бас, кг т/ с, дана) үшін бюджетт і к субсиди ялар нормати ві, тенге	жыл басынан бастап	Жылдың басынан бастап бюджетт і к субсиди ялардың тиесілі сомасы, тенге	Бюджет тік Жылдың субидия басынан лардың бастап тиесілі төленген, тенге тиесілі сомасын ың қалдығы , тенге	Төлеуге жатады, тенге

* сатып алынған асыл тұқымды өнімнің (асыл тұқымды материалдың) әрбір түріне жеке жасалады.

Мал шаруашылығы бөлімінің бастығы (жауапты тұлға) _____

(аты-жөні, қолы)

Бухгалтер (жауапты тұлға) _____

(аты-жөні, қолы)

Облыстық бюджеттерге, Астана және

Алматы

қалаларының бюджеттеріне асыл

тұқымды

мал шаруашылығын қолдауга 2012

жылга

арналған республикалық бюджеттен

берілетін ағымдағы нысаналы

трансфертерді

пайдалану қағидаларына

5-қосымша

"Бекітемін"

облысы

Ауыл шаруашылығы басқармасының

бастығы _____ (аты-жөні, қолы, мөрі)

2012 жылғы "—" _____

Малды асылдандыруши орталыққа, асылдандыруши шаруашылыққа, қостанай тұқымы бойынша асыл тұқымды жылқы зауытына 2011 жылғы _____

үшін тиесілі бюджеттік субсидиялар туралы (ай)

жиынтық ведомость

Шығындардың баптары	Бюджет қаражатын бөлү сметасында көзделген сома, мың теңге	Сатып алынған тауарлардың (жануарлардың), орындалған қызметтер мен жұмыстардың нақты көлемі	Жыл басынан бастап тиесілі сома, мың теңге	Жылдың басынан бастап төленген, мың теңге	Тиесілі соманың қалдығы, мың теңге	Төлеуге жатады, мың теңге
ЖИЫНЫ						

Мал шаруашылығы бөлімінің бастығы (жауапты тұлға) _____

(аты-жөні, қолы)

Бухгалтер (жауапты тұлға) _____

(аты-жөні, қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК